Қаңтар – қыс мерзімінің екінші айы. Бұл ай толассыз қар мен бетінді шымшитын аязбен ұласады. Әрбір таң сайын қырауға малынған теректер, жол құрсауындағы қалың қар жамылғысы, аңда-санда күн нұрының сәулесі - осының барлығы да қаңтар айында кездеседі. Ал желтоқсанда үскірік жел боп тұрады. Ақпан айында үздіксіз борандар мен аяздар болады. Осындай ерекшелікке ие қыс айы күміс алқа тағынады және денсаулығымызды шынықтырады. Біздің Батыс Қазақстан облысындағы қар жамылғысы бірқалыпты, аязды суық күндері мен күн көзінің шуағы жиі байқалды. Әр мерзім өзіне тән қасиеттерімен ерекшеленеді. Қыс айының қытымыр аязына қарамай, даладағы балалардың ойыны еш таусылмайды. Себебі әрқайсысы қармен ойнап, ойын мауқысын басқысы келеді және ертегі желісінде кездесетін кейіпкерлерді де ұмыт қалдырмайды. Менің де балалық шағым сонау ауылда өтті. Қысы қатты болатыны

сонша, үшінші тоқсан бойы сабаққа бармай қалатынбыз. Қаңтар айында бірқалыпты тыныштық, үнсіздік, маужыраған шыршалар және күміс алқа тағынған ақ қайындардың бейнесі мені ерекше баурап алатын. Туған жерімнің әрбір мезгілінің құбылысы мен үшін бітпес өлең. Сол себепті ақындық өнеріме бет бұрғызып ерекше табиғатын жырлай бере тұғынмын. Өмір арнасында қыстың қаһарлы суығына тоңып, көктемнің шуағына малынып, жаздың аптапты ыстығына қарайып, күздің мерейлі сылбыр нөсерін ерекше сезіммен сезінуіміз абзал. Сонда ғана бойымыздағы табиғатпен үндестікті нақты сезінеміз. Қыста шыныққан бала – шымыр болады деп үлкендер айтушы еді. Осынау қыс мезгілінің сұлу табиғатына ерекше көз тастап, қайтіп келмейтін табиғи сәттерге күе боп жүрелік.

Айжан Нағашыбай,
«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы

«Жайық жауһары» айдарының жауапты тілшісі Аида Хасанова



ТЫСЯЧНАЯ ДОЛЯ СЕКУНДЫ

Для нас, привыкших мерить время на свою человеческую мерку, тысячная доля секунды равнозначна нулю. Такие промежутки времени лишь недавно стали встречаться в нашей практике. Когда время определяли по высоте Солнца или длине тени, то не могло быть речи о точности даже до минуты; люди считали минуту слишком ничтожной величиной, чтобы стоило ее измерять. Древний человек жил такой неторопливой жизнью, что на его часах – солнечных, водяных, песочных – не было особых делений для минут. Только с начала XVIII века стала появляться на циферблате минутная стрелка. А с начала XIX века появилась и секундная стрелка.



Что же может совершиться в тысячную долю секунды? Очень многое! Поезд, правда, может переместиться за этот промежуток времени всего сантиметра на три, звук – уже на 33 см, самолет – примерно на полметра; земной шар пройдет в своем движении вокруг Солнца в такую долю секунды 30 м, а свет – 300 км. Мелкие существа, окружающие нас, если бы они умели рассуждать, вероятно, не считали бы тысячную долю секунды за ничтожный промежуток времени. Для насекомых, например, величина эта вполне ощутима. Комар в течение одной секунды делает 500 – 600 полных взмахов крыльями; значит, в тысячную долю секунды он успевает поднять их или опустить. Человек неспособен перемещать свои члены так быстро, как насекомое. Самое быстрое наше движение – мигание глаз, "мгновение ока", или "миг", в первоначальном смысле этих слов. Оно совершается так быстро, что мы не замечаем даже временного затмения поля нашего зрения. Немногие, однако, знают, что это движение – синоним невообразимой быстроты – протекает в сущности довольно медленно, если измерять его тысячными долями секунды. Полное "мгновение ока" длится, как обнаружили точные измерения, в среднем 2/5 секунды, т. е. 400 тысячных долей ее. Оно распадается на следующие фазы: опускание века (75 – 90 тысячных секунды), состояние неподвижности опущенного века (130 – 170 тысячных) и поднятие его (около 170 тысячных). Как видите, один "миг" в буквальном смысле этого слова – промежуток довольно значительный, в течение которого глазное веко успевает даже немного отдохнуть. И если бы мы могли раздельно воспринимать впечатления, длющиеся тысячную долю секунды, мы уловили бы "в один миг" два плавных движения глазного века, разделенных промежутком покоя. При таком устройстве нашей нервной системы мы увидели бы окружающий нас мир преобразенным до неузнаваемости. Описание тех странных картин, какие представились бы тогда нашим глазам, дал английский писатель Уэллс в рассказе "Новейший ускоритель". Герои рассказа выпили фантастическую микстуру, которая действует на нервную систему так, что делает органы чувств восприимчивыми к раздельному восприятию быстрых явлений. Вот несколько примеров из рассказа: –

Видали ли вы до сих пор, чтобы занавеска прикреплялась к окну таким манером? Я посмотрел на занавеску и увидел, что она словно застыла и что угол у нее как загнулся от ветра, так и остался. – Не видал никогда, – сказал я. – Что за странность! – А это? – сказал он и растопырил пальцы, державшие стакан. Я ожидал, что стакан разобьется, но он даже не шевельнулся: он повис в воздухе неподвижно. – Вы, конечно, знаете, – сказал Гибберн, – что падающий предмет опускается в первую секунду на 5 м. И стакан пробегает теперь эти 5 м, – но, вы понимаете, не прошло еще и сотой доли секунды. [Надо иметь в виду, к тому же, что в первую сотую долю первой секунды своего падения тело проходит не сотую часть от 5 м, а 10000-ю (по формуле $S = gt^2/2$), т. е. полмиллиметра, а в первую тысячную долю секунды – всего 1/200 мм.] Это может вам дать понятие о силе моего "ускорителя". Стакан медленно опускался. Гибберн провел рукой вокруг стакана, над ним и под ним... Я глянул в окно. Какой-то велосипедист, застывший на одном месте, с застывшим облаком пыли позади, догонял какую-то бричку, которая также не двигалась ни на один дюйм. ... Наше внимание было привлечено omnibusом, совершенно окаменевшим. Верхушка колес, лошадиные ноги, конец кнута и нижняя челюсть кучера (он только что начал зевать) – все это, хотя и медленно, но двигалось; остальное же в этом неуклюжем экипаже совершенно застыло. Сидящие там люди были как статуи. ...Какой-то человек застыл как раз в тот момент, когда он делал нечеловеческие усилия сложить на ветру газету. Но для нас этого ветра не существовало.

Все, что было сказано, подумано, сделано мной с той поры, как "ускоритель" проник в мой организм, было лишь мгновением ока для всех прочих людей и для всей вселенной". Вероятно, читателям интересно будет узнать, каков наименьший промежуток времени, измеримый средствами современной науки? Еще в начале этого века он равнялся 10000-й доле секунды; теперь же физик в своей лаборатории способен измерить 100000000000-ю долю секунды. Этот промежуток примерно во столько же раз меньше целой секунды, во сколько раз секунда меньше 3000 лет!

ҚАЖЫРЛЫ ЕҢБЕКТІҢ ЖЕМІСІ



Жыл сайын дәстүрге айналған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жариялаған «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын беру жөніндегі Республикалық байқаудың қорытындысы бойынша білім саласында жүрген екі жүз оқытушы топ жарды. Олардың қатарында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты, физика-математика факультетінің деканы, мамандығының шебер иесі Медешева Айгүл Бақтығалиқызы да бар.

Өмірдегі көп мамандықтардың ішінде жан-жақты білімділікті, икемділікті, шеберлікті, ерекше шәкіртжандылықты, мейірімділікті қажет ететін мамандық ол – ұстаздық мамандық. Олай дейтініміз, оқытушы еңбегі біріншіден, адамзат қоғамында жинақталған ғылым негіздерінен білім беруге тиіс болса, екіншіден, үнемі шәкірттерімен қарым-қатынаста болып, білсем, үйренсем деген бала арманы мен оның сырлы тағдырына басшылық етуді мойнына алған маман.

Сіз осы ұстаздық жолыңызда ғылым негіздерінен мәлімет беріп қана қоймай,

жаңа заманға сай ақпараттық мәдениеті мен құзіреттілігі қалыптасқан, бөсеке жағдайында өмір сүруге қабілетті, интеллектуалды жеке тұлға қалыптастыру жолында аянбай еңбек етіп келесіз. Өз ісіңізге деген қызығушылық пен сүйіспеншілік Сізді небір қиын әрекеттерге жетелеп, кез-келген іске батыл кірісуге септігін тигізді. Ол- нағыз шынайы ұстаздың келбеті, батырлығы. Соның нәтижесінде сан мыңдаған шәкірттің жүрегіне үміт отын жағып, киелі шаңырақтан талай түлектерді білім нәрімен сусындатып, педагогикалық әдіс-тәсілдермен қаруландырып қанат қақтырдыңыз! Сіздің осыншама қадір-қасиетке, құрметке бөленуіңіз қажырлы еңбектің жемісі деп білеміз.

Құрметті Айгүл Бақтығалиқызы, сізді «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағына ие болуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Алдағы уақытта ойлаған істеріңіздің ілгері басып, білім көгінде әрдайым таудай талабыңызға талмас қанат бітіп, биік белестерді бағындыра беруіңізге тілектеспіз!

Ізгі тілекпен: физика-математика факультеті ұжымы

Напряги ум

ЗАДАЧИ

ТУРИСТЫ

Туристы перешли с одного берега озера, где располагалась их база, на другой и, посмотрев на часы, решили устроить короткий отдых. Стояла тихая погода, и им были хорошо слышны передачи радиоулаз базы; поэтому последние известия они смогли прослушать, выключив свой переносный радиоприемник. После этого один из туристов заявил, что расстояние до базы – почти 3 километра. Каким образом он определил это расстояние?



В АВТОБУСЕ

Почемучка сидел в центре автобуса на сидении у окна, внимательно поглядывая то в окно, то на свое левое запястье и что-то считал на карманном калькуляторе. Прошло несколько минут и Почемучка негромко сказал: "Шестьдесят". Его друг, сидящий на переднем сидении, взглянул на спидометр в кабине шофера и изрек: "Точно". Еще через несколько минут Почемучка сказал: "70". "Точно", – подтвердил друг. Как Почемучка мог определить скорость автобуса на разных участках шоссе?

ЕСКІ ПОРТРЕТ


Мысықтың балалары үй төбесіндегі шатырдың астынан ескі портрет тауып алды. – Қандай сұсты адам еді, – деді біріншісі. – Неге олай дейсің, қайта екі езуіне күлкі үйірілген көңілді кісі емес пе? – деді екіншісі. Олар неге келісе алмады?

БҰЛ КІМ, ОЛ НЕ?

Адамды бірден кім екенін танып білу мүмкін емес. «Керемет сабырлы» деген адам нағыз ұшқалақтың өзі болып шығады. Керісінше, қызуқанды жандар табиғатынан томаға тұйық көрінеді. Зат та, адам да – көп құпиясы мол жанды мен жансыз.

Біз көп жағдайда қандай да бір заттың не екенін бірден айтамыз. Ал, енді оған бір қырынан немесе төбесінен қарап көрейік. Ол заттың не екенін ажырату сізге қиындық туғызуы мүмкін. Бұл таңқаларлық жағдай емес.

Мына суреттерге бір сәт зер салып қарашы, ненің суреті екенін ажырата алар ма едіңіз?



ЕСЕПКЕ ҚАЛАЙСЫҢ?

Қалай он екіге арттыруға болады?

86 санын аударып оқу керек, сонда 86-ны 12-ге арттырғандағы 98 саны шығады.

Төрт есе үлкен

21978 саны. 87912-ні 4-ке бөлгенде 21978 шығады.

Бұл қалай?

Бұл 142857 саны, егер алдыңғы бірді соңына апарсақ 3 есе көп 428571 саны шығады.

информатика кафедрасы



Books in my life

Books stay with us during the whole life in babyhood we hear parents reading us fairy tales, in our teens we swallow exciting novels, page after page, and still find gripping books that absorb us when we become adults.

But today many people say that modern life is so fast and full of action that they don't have time and desire to read books. They consider reading to be nothing more than waste of time. Furthermore, there are a lot of people who are sure that products of modern technologies like computers can replace traditional books.

Nevertheless, there still exist people, who receive pleasure from the special atmosphere that books create, and who believe that books will never disappear from their lives. They are sure that books teach us what is right and what is wrong; they enrich the inner world of a reader and certainly entertain him. As opposed to computers, books are portable and you can enjoy reading even in public transport.

Though I'm not a bookworm, I like to spend my free time reading a good book. I'm fond of reading, because it provides a lot of space for imagination: I like to conjure the characters and how they look like, I always try to predict how I would behave if I were in the shoes of



this or that character. Usually, while reading a book, I entirely immerse myself into it. I live in its imaginary world and enjoy it.

*Dina Kapozova,
4 course, Faculty of philology*

Электронная библиотека - новый импульс в работе Научной библиотеки ЗКГУ им. М. Утемисова

Словосочетание "Электронная библиотека" (ЭБ) за последние десять лет становится все более популярным и повсеместно употребляемым. Это имеет отношение ко многим странам, широко использующим информационные технологии. Неуклонно растет число систем от предельно простых до весьма сложных, в названии которых присутствует упомянутое словосочетание. Ведутся научные исследования и опытные разработки, создаются разнообразные ЭБ, открытые для широкого сетевого доступа пользователей. Спектр участников этих работ весьма широк: от отдельных энтузиастов до объединений университетов, исследовательских центров и крупных фирм.

В связи с этим была создана электронная библиотека Научной библиотеки ЗКГУ им. М. Утемисова.

В 2015 году с целью группировки электронной библиотеки с всемирной сетью Интернет была приобретена программа веб-сайта -интегрированный модуль WEB-ИРБИС и контент системного управления «WEB».

В последние годы в университете интенсивно модернизируется система информационного и библиотечного обслуживания профессорско-преподавательского состава, студентов и магистрантов. В библиотеке открыты многофункциональные залы электронных ресурсов. созданы Wi-Fi зоны, обновляется программное обеспечение процессов переработки информации, развивается электронная библиотека университета. Это способствует ускорению процессов получения учебной и другой информации, что, в свою очередь, интенсифицирует образовательную и научную деятельность профессорско-преподавательского состава, научных сотрудников, магистрантов и студентов. Для улучшения качества обслуживания читателей в их научно - исследовательской деятельности научная библиотека тесно сотрудничает с РМЭБ, КазНЭБ, ЭБ АО НЦНТИ.

Ведется активная работа по пополнению фонда Республиканской межвузовской электронной библиотеки (РМЭБ). Хочется отметить, что по результатам проделанных работ на конец 2015 года Научная библиотека ЗКГУ им. М. Утемисова находится в десятке лучших среди 107 вузов РК, входящих в состав РМЭБ. Республиканская межвузовская электронная библиотека открывает доступ к большому количеству мировых и отечественных ресурсов, в том числе научным сборникам и журналам крупнейших вузов страны («Вестник НАН РК», «Вестник КазНУ», «Вестник Университета «Туран», «Вестник ЗКГУ» и т.д.)

В 2015 году выполнено более 1450 справок с помощью ресурсов крупнейших вузов страны.

Информация о деятельности и истории научной библиотеки размещена на веб-сайте ЗКГУ им. М. Утемисова www.wksu.kz в графе «Сайты ЗКГУ». Научная библиотека имеет свой веб-сайт www.library.wksu.kz. Так же на сайте библиотеки своевременно на трех языках размещаются новости и объявления. Имеются основные разделы «История научной библиотеки», «Структура», «Контакты», «Биюллетень новых поступлений», «Виртуальная выставка», «Библиографические указатели», «Страничка методиста», «Зарубежные и отечественные базы данных», «Импакт-фактор», «Электронный каталог», а так же библиографические указатели профессорско-преподавательского состава ЗКГУ им. М. Утемисова. В ноябре 2015 года сотрудниками научной библиотеки и центра информационных технологий ЗКГУ им. М. Утемисова была проведена работа по обновлению внешнего дизайна интерфейса сайта научной библиотеки.

В соответствии с требованиями глобального мирового информационного пространства, с целью привлечения внимания студенчества, в социальных сетях «В Контакте», в сообществе «Makhamet University» в качестве объявления размещаются новости библиотеки.

Научная библиотека имеет доступ к крупнейшим зарубежным базам данных THOMSON REUTERS, Springer Link, Science, Elsevier, polpred.com, Oxfordonline, Лань, Taylor & Francis Willey online Library, EBSCO Information Services.

Сегодня в фонде электронного зала насчитывается более 5000 экземпляров документов на внешних носителях информации и более 6000 хранящихся на файл - сервере библиотеки. Доступ к ним осуществляется в электронном зале.

Құрметті оқытушылар, қызметкерлер, студенттер және магистранттар!

«Ғылыми-техникалық ақпараттың Ұлттық орталығы»Ақционерлік қоғамымен қолжеткізген келісімшарт аясында EBSCO компаниясы 2016 жылдың 1 ақпанында толық мәтінді Academic Search Complete и Business Source Complete мәліметтер базасына қолжетімділікті ұсынады.

EBSCO Information Services - әлем елдерінің кітапханаларының жұмысында 70 жыл көлемінде көмек көрсетіп келе жатырған, кітапханаларға арналған электронды кітаптар мен аналитикалық бағдарламалар шешімін, электронды мәліметтер базасын жеткізуде әлемдік жетекші ұйым болып табылады.

Компания -кітапхананың келешек ұрпағына жаңашыл ресурстарды жасайды

және академиялық университеттердің, компаниялардың, медициналық ұйымдардың, өртүрлі деңгейдегі мектептер мен мемлекеттік мекемелердің зерттеу жұмыстарында көмек көрсететін 400 – ден аса электронды базаға қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

EBSCO мәліметтер базасында іздеу туралы толық ақпаратты төмендегі сілтеме арқылы таба аласыздар: <http://support.ebscohost.com/training/lang/ru/ru.php>

Қосымша ақпарат алу үшін ғылыми кітапхананың ақпараттық технологиялар және библиография бөліміне 102 каб. хабарласуыңызға болады.

Байланыс тел. 8747-240-66-01

Қазақстанда Taylor & Francis баспасының электронды кітаптар мен журналдарына тегін қолжетімділіктің ұзартылуы

Құрметті оқытушылар, студенттер және магистранттар!

Қазақстанның барлық аймағында студенттер мен зерттеушілерге және оқу орындарының оқытушылары үшін Taylor & Francis- электронды кітаптар мен журналдарды 2016 жылдың 28 ақпанына дейін тегін аймақтық қолжетімділіктің ұзартылғандығын хабарлайды.

Бұл мүмкіндікті пайдаланып қалыңыздар! Сізді қызықтыратын сала бойынша Taylor & Francis-тің ең соңғы рецензиялы материалдар жинақталған 1800 ден астам журналдар мен 50000 электронды кітаптарына қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Taylor & Francis баспасы әлемдегі ең жоғары деңгейдегі- гуманитарлық сала, әлеуметтік, антропологиялық орта саласы бойынша зерттеулер, дәл ғылымдар, технология, медицина және заңдар

бойынша материалдармен қамтамасыз етеді.

Taylor & Francis журналын дәл қазір онлайн түрде оқу үшін - іздеуге ыңғайлы болу үшін журналдар негізгі тақырыптарға бөлінген осы жерді басыңыз Taylor & Francis Online-ға кіріңіз!

Taylor & Francis электронды оқулығын дәл қазір оқығыңыз келсе осы жерді басыңыз-50000 астам электронды оқулыққа қол жеткізесіз.

Компания шығыстану, бизнес, менеджмент, экономика және әлеуметтанудың негізгі тақырыптары бойынша түрлі жинақтар қатарын құрды.

Қосымша ақпарат алу үшін ғылыми кітапхананың ақпараттық технологиялар және библиография бөлімі 102 кабинетке хабарласуыңызға болады.

Байланыс тел. 8747-240-66-01



Вашему вниманию представляем список новых электронных изданий серии «Труды ППС ЗКГУ»

Хасанов Ф.Қ. Тіл мәдениеті және стилистика курсы.-Орал,2014

Курс бойынша студенттердің өз бетімен орындайтын жазба жұмыстарының тақырыптары «Тіл мәдениеті және стилистика пәні» бойынша тест сұрақтары.

Ахметова Ұ.Т., Муханғалиева Ж.К. Қазақстанды зерттеген ғылыми қрамдар мен мекемелер тарихы (XIX – XX ғ. басы): электрондық оқыту құралы.-Орал,2014

Ресейдегі статистикалық комитеттердің Қазақстанды зерттеуі

Ахметова Ұ.Т., Муханғалиев Ж.К. Научные общества и учреждения по изучению истории Казахстана (XIX-нач. XXв.) -Уральск,2014

Кузьмичева А.Е., Сулейманова А.К. Роль физики в формировании научного мировоззрения.-Уральск,2015

Рассматриваются понятие научного мировоззрения в физике и философии, роль фундаментальных вопросов физики в формировании научного мировоззрения а также формирование научного мировоззрения в процессе обучения.

Кузьмичева А.Е., Золотарь М.В. Движение частиц в центрально-симметричном поле. Спин электрона.-Уральск,2015

Квантовая механика Кузьмичева А.Е., Моисеева Н.И., Кажипанова Н.У. Релятивистская электродинамика Максвелла.-Орал,2015

Рассматривается классическая механика и специальная теория относительности, электродинамика Максвелла в четырехмерном пространстве

Ворфоломеева О.В. Электронный каталог музыкальных материалов для лекционно-практических курсов специальности искусств.-Уральск,2015

Ерниязова А.А. Учебно-методическое пособие по дисциплине «Бухгалтерский учет и аудит» для студентов экономических специальностей очной и заочной форм обучения.-Уральск,2015

Капленко В.В., Туякова Б.К., Кажипанова К.Р. Педагогика в таблицах и схемах

Рассматриваются формы организации обучения, образовательные технологии, планирование работы школы

Байтлеуов Д. Баян аспабына арналған этюдтар.-Орал,2015

Утаубаева А.У. Генетика.-Уральск,2015

Рассматриваются моногибридное скрещивание, независимое наследование, наследование летальных генов

Alma Utaubaeva Genetics. -Uralsk 2015

Т.Е. Алимбекерова,
директор научной библиотеки



Баубек Бұлқышев атнамды жас журналистер клубының жанына

Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі.
А. Байтұрсынұлы

Журналист

(Journalist)

№1, қаңтар, 2015 жыл

Заман біздікі

Жас журналистер клубына келгейсіз

Қазақ журналистикасының тарихына көз тастасақ, жарығы мен жылуы сөнбестей жұлдыздар шоғырын көруге болады. Нағыз кеңестік заманның жастары есептелетін қаламгерлердің "жазған хаттары" әдебиеттің алтын қорында сақтаулы. Санаулы ғұмырын саналы өткізген әдебиеттің белді өкілдерінің бірі – Баубек Бұлқышев.



1916 жылы Ұлытаудың баурайында осындай ұлы есім дүние есігін ашып, әдебиет тағы бір ұлықты ұлға артты. Бұлқышев шығармашылығына беттесең, елеулі еңбектерге куә боламыз. "О, жастар! О, құрбылар! Біздің заман таласта. Үлкен қауіп біздің алдымызда. Бірақ, біз өз заманымызды ешкімге бере алмаймыз. Заман біздікі!" деп, жасын ғұмыр жазушы соңғы минутына дейін еліне, жеріне шексіз беріле қызмет етті. Қазақ, орыс тілінде қалам тербеген тұлғаның туындылары сол дәуірдің белгілі басылым беттерінде жарияланған. Соғыстың сын сағаттарында өмір сүрген жалынды кесемсез шебері Баубек Бұлқышев махаббат символына айналған Алматыға арналған шығармасын аяқтай алмай кетті...

Біздіңше, қазақ кеңес әдебиеті үшін тың арна – жалынды публицистикадан бастап, күрделі проза жанрына көше бастаған қаламгердің демі ерте таусылса да, қалдырған қағілез еңбектері өскелең ұрпағына азық болатындай. Білте шамның жарығымен қағаз бен қаламды тіл табыстыра алған айбынды азаматтың шығармашылық шабыты жастарға – үлгі-өнеге. Әсіресе, журналистика саласына ден қоюшыларға.

"Заман біздікі!" деп жар салған жиырмасыншы ғасыр жасының сөзінде жан бар. Қазіргі сәттер, дәл осы мезеттер жастардікі екені даусыз. Қандай жастардікі? Жалқау, икемсіз, жалынсыз емес, Баукең секілді өнімді еңбек иесі деп танырлық өнергі де, өнегелі жастардікі.

P.S. Жүйрік ойды, талмас ізденісті, тынымсыз еңбекті қажет етер журналист тұлғасына ынталы студенттер көп. Бүгіннен бастап көкейдегісін жүрексіңбей параққа түсіре алатын жас

Мөлдір Латифова,
студент

Артық болмас түйгенің

Ұстаз бен шәкірт туралы

• Құдай кімге шуағын төккісі келсе, соны ол педагог қылады
– Кого боги хотят покарить, того они делают педагогом.

Сенека

• Жақсы ұстаз болам десеңіз, оқытатын пәніңізді, оқытар шәкіртіңізді сүйгейсіз.
– Чтобы быть хорошим преподавателем, нужно любить то, что преподаешь, и любить тех, кому преподаешь.

Василлий Ключевский

• Оқыта отырып үйренеміз
– Уча, учимся.

Сенека

• Аз-кем білу үшін, тер теге оқу қажет.
– Нужно много учиться, чтобы немного знать.

Шарль Монтескье

• Мұғалімнің ой елегінен өткізген шынайы тұжырымы ғана шәкіртіне азық болмақ
– Что переварили учителя, тем питаются ученики.

Карл Краус

• Өмір бойы оқу дегеніміз - өмір бойы сабақ алу деген сөз емес.
– Вечно учиться, но не вечно получать уроки.

Георгий Пандау

• Көп нәрсені мен өз тәлімгерлерімнен үйрендім, көбірегі өз жолдастарымнан, ал одан да көбін өз шәкірттерімнен үйрендім.
– Многочему я научился у своих наставников, еще большему – у своих товарищей, но больше всего – у своих учеников.

Талмуд

• Белгілі бір ғылым саласын игеруде

ережеден гөрі мысалдар тиімдірек.
– При изучении наук примеры полезнее правил.

Иссак Ньютон

• Оқушы атаулы өзге нәрседен гөрі өз мұғалімдерінің қателігін еш уақытта ұмытпайды.
– Ничто так прочно не запоминают ученики, как ошибки своих учителей.

Антон Лигов

• Жақсы мұғалім өзгелерді тіпті өзінің қолынан келмейтінге де үйрете алады.
– Хороший учитель может научить других даже тому, чего сам не умеет.

Тадеуш Котарбинский

• Кімде-кім бәрін білем десе, соған әлі де көбірек оқу қажет болғаны.
– Кто знает все, тому еще многому нужно учиться.

NN

• Ұстаздықтың құпиясы – кеше кешқұрым өзіңіздің не оқығаныңызды ғұмыр бойы біліп жүру.
– Секрет учительства в том, чтобы показать, что вы всю жизнь знали то, о чем прочитали вчера вечером.

NN

• Кейбір педагогтардың сабақтарынан тік отыруды ғана Меңгергендейсің.
– Из уроков некоторых педагогов мы извлекаем лишь умение сидеть прямо.

Владислав Катажинский

• Оқуға тілек білдіруші бір адамға ойлануға сүлесөк отыз адамның шамалас келуі қынжылтады.
– На одного человека, желающего учиться, приходится около тридцати, не желающих думать.

Уолтер Селлер

• Егер де көк тәңірісі балалардың тілегін қабыл қылар болса, жер бетінде бірде-бір тірі мұғалім қалмас еді-ау.
– Если бы небо услышало молитвы детей, на свете не осталось бы ни одного живого учителя.

Парсы нақылы

• Білім беру – жақсы тұрмысқа бастар жол. Десең те, бұған дәлел боларлық мектеп мұғалімдері аз-ау.
– Образование – верный путь к благосостоянию. Но мало какой школьный учитель служит тому доказательством.

NN

• Кейбір ақылдылыққа-даналыққа үйретушілер біздің интеллектімізге назар да аудармайтыны ойлантады.
– Те кто учат нас уму-разуму, обычно не обращаются к нашему интеллекту.

Лешер Кумор

Аударған, өзірлеген: Орал Абатұлы,
Назарбаев Университетінің
II курс магистранты



«Журналист» («Journalist») жаршысының жауапты редакторы – Мөлдір Латифова, «ФҚТ», 02305-топ. Кеңесшісі – А.С.Қыдыршаев, Қазақстан Республикасы Журналистер Одағының мүшесі.

Жүрекжарды тілек

Журналист болам десеңіз ...

Журналистика – қоғамдық сананың қуатты түрі. Журналист қоғамда, жалпы халықтың өмірінде зор ықпалды рөл атқарады. Өнердің талай саласы бар, қоғамдық күштер бар, солардың ішінде күнбе-күн өмір ырғағын, екпінін, тынысын тегіс елге жариялап отыратын осы журналистер. Бұл ретте журналист болам деген жастардың талабы қуантады. Орынды талап. Ол үшін не істеу керек? Қадыр Мырза Әлінің "Ақынға керек ақыл көп, асаулық керек аздаған" деген өлең жолдары бар. Сол секілді журналистерге де ақыл, білім, ізденіс керек. Өйткені, журналистер өмірдің бір саласын ғана білумен қанағаттанбайды, ол күллі саланы қамтиды. Экономиканы да, адамның психологиясын да, мінез-құлқын да, болмыс-табиғатын да, идеологиялық саясатты да білуі керек. Бұл – кең ауқымды тақырып, кең өлшем.

Журналист болам деген жастарға айтарым, қоғамның бар саласынан хабардар болу қажет. Талант, парасат, ізденіс, еңбек керек. Керек нәрсенің саны көп, ұшы қиырсыз.

Келешек әдебиет және тіл маманы болғандықтан, журналистиканың қолданатын құралы тіл екендігін жақсы білесіңдер. Тіл өнерін жетік меңгеріп, тілдің сиқырын білген адамның жазғаны өтімді болады, жүректерге жетеді. Алмағайып замандарда, қоғамдық құбылыстардың шиыршық атып жатқан кезеңдерінде журналистер ақын-жазушылардан гөрі қоғамға мол ықпалды еңбек сіңіреді. Жазушылар романын көп жылдар отырып жарыққа шығарса, журналистер күнде жазады, өзіндік көзқарасын қағазға түсіріп отырады. Олардың ел-жұрт алдындағы абыройы орасан биік. Осыған ұмтылу керек, талпыну керек. Журналистер - әмбебап мамандық иелері. Айтқанымдай, бір ғана саланың қыр-сырын

білу жеткіліксіз. Жеке басым "Жас алаш", "Айқын" секілді газеттерді үзбей оқып, қазіргі журналистер қауымына риза боламын. Біздің кезіміздегі жастар легінен гөрі бүгінгі ұрпақ өкілдерінің қалам қарымы көңіл қуантады. Өмірдің кішкене факторын зор мәселеге айналдыра ортаға ой тастайды. Журналистиканың өзге мамандықтан айырмашылығы - әлеуметтік әділдік, адалдық. Олар - халық қызметшісі. Бұл іспеттес қоғам өкілдері халықтың көкейіндегі зәру мәселелерді жазады. Журналист болам деуші балаларыма айтарым, күнделікті шығып жатқан газеттерге назар салып, сондағы қандай тақырып сізді қызықтырады, не жетіңкіремейді, соны қарап жаза беру керек. Өркім өз бағытын тауып, түрлі тақырыптарда жазып, көлемді мақалаға асықпай, шағын нәрседен бастау жөн. Шығармашылық уақыт өте шыңдалады. Жазып машықтану керек. Университет газеттеріне қазірден мақала жариялап, тәжірибе жинаған дұрыс. Арманға қадам басушы жас журналистерім, қадамдарың құтты болсын! Талмай қанат қағып, ықыласпен ізденсеңдер өліміздің ықыты



журналистеріне айналатындарыңа сенім білдіремін. Ақ жол!

Тихон Әліпқали,
ардагер журналист

Дәстүрлі «Денсаулық» спартакиадасы

Жаңа жылдың алғашқы күндерінің бірінде, нақтылай айтсақ, 12 қаңтар күні Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлері арасында өткізілетін дәстүрлі «Денсаулық-2016» спартакиадасы салтанатты түрде ашылды. Қатысушы командалар сапқа тұрып, Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұраны орындалды. Жүргізушілер – тәрбие жұмысы жөніндегі бөлімнің психологы Тапаева Жанерке мен дүниежүзілік тарих және өлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының оқытушысы, магистр Алдияров Жігер кезекпе-кезек еркелей аққан ерке Жайық пен сыйдырай аққан еңселі Еділ жағалауында орналасқан Ульяновск қаласының педагогикалық институтынан 1957 жылы бастау алған дүбірлі дода бүгінгі күнде тарихи тереңге тартқан М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде 59-рет өткізілгені отырғанын, оқу жылының 1-жартысын жемісті де нәтижелі аяқтап, келесі оқу кезеңінде ұйымдастырылатын еліміздегі атаулы шараларға тың күш-жігермен кірісу, профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлер арасында салауатты өмір салтын ұстану мақсатында өткізіліп отырған бұл шараның көк байрағы желбіреген, бүгінде абыройы мен

айбыны, ынтымағы мен бірлігі жарасқан Қазақ елінің Тәуелсіздігін ұлықтауға арналатындығын айрықша атап өтті.

Еліміз еңсе көтеріп, тәуелсіздікке төу өтті. Азаттық әуені әуелеп, тұғырымызда тәуелсіздік туы желбірегеніне міне 25 жыл толғалы отыр.

Тәуелсіздік біртұтас елдіктің, ынтымақтастық пен татулықтың, өткенге тағзым мен болашаққа деген сенімнің нышанына айналды.

Спартакиаданың төрінен шақырулы қонақтар ретінде орын алған ҰОС ардагері, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент П.Р.Буқатқин, ұстаздардың ұстазы М.Жолдықайырова, самбодан Қазақстанға еңбек сіңірген жаттықтырушы Қ.Исмағұлов, жалпы педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы Т.Қайырғалиевтар өз сөздерінде ойыншыларға сәттіліктер тіледі.

Алғашқы құттықтау сөз университеттің бірінші проректоры, тарих ғылымдарының докторы Тасмағамбетов Әсет Сембайұлы мен денешынықтыру және салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының жетекшісі Владимир Юрьевич Саловқа беріліп, олар спартакиадаға қатысушы командаларға айшықты ойын өрнегін көрсетіп, жеңімпаз атануларына тілектестік білдірді. Әрмен қарай жарысты университетіміздің түлегі, халықаралық байқаулардың лауреаты Әділет

Орашев шырқаған ән әуелете түсті. Ал спартакиадаға қатысушы командалардың шеруін география ғылымдарының кандидаты Имашев Эдуард Жүсіпұлы бастаған университет әкімшілігінің құрама командасы бастаса, ері қарай жаратылыстану-география факультетінің(капитан командасы экономика ғылымдарының кандидаты, доцент Сүлейменова Гүлнар Науханқызы),филология факультетінің(команда капитаны филология ғылымдарының кандидаты, доцент Мүтиев Зейнолла Жақсылықұлы), физика-математика факультетінің(команда капитаны педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Медешева Айгүл Бақтығалиқызы), педагогика факультетінің (команда капитаны педагогика ғылымдарының кандидаты Ерғалиева Гүлжан Алғазықызы), тарих, экономика және құқық факультетінің (команда капитаны экономика ғылымдарының кандидаты, доцент Нестеренко Галина

Ивановна), мәдениет және өнер институтының (команда капитаны магистр Исатаев Мейрам Исатайұлы), ақпараттық технологиялар департаментінің(команда капитаны Мұхамбетов Мержан Мұхамбетұлы) құрама командалары жалғастырды. Ашылу салтанатынан кейін спартакиаданың алғашқы волейболдан жарысы да басталып кетті. Екі күн бойы спартакиадада командалар шахмат, дойбы, үстел теннисі, шаңғыдан бақтарын сынайтын болады.



59-я Спартакиада «Денсаулық-2016», посвященная 25-летию Независимости Республики Казахстан завершилась. Восемь команд университета из числа преподавателей и сотрудников в течение недели боролись за звание лучшей. По словам организаторов соревнований - воспитательного отдела и кафедры физвоспитания – соревнования прошли действительно на высоком спортивном уровне. Все участники проявили стойкость и упорство в борьбе за призовые места. «Спартакиада стала символом силы, стойкости, упорства и выносливости», - сказала о соревнованиях заведующая кафедрой физвоспитания Л.В.Демченко, главный судья соревнований.



15 января состоялось торжественное закрытие Спартакиады. Стройные ряды участников Спартакиады замерли в ожидании оглашения результатов.

Красивый казахский вальс в исполнении хореографического ансамбля «Арна» открыл торжество.

Участников 59-ой Спартакиады «Денсаулық-2016», а также присутствовавших ветеранов поприветствовал ректор университета, д.п.н, профессор А.С.Иманғалиев. Спорт, здоровье и профессиональный рост идут вместе, считает

Асхат Салимович, и он рад выразить огромную благодарность за активное участие в столь важном спортивном мероприятии участников, ветеранов, а также тренеров, обеспечивших высокий уровень организации соревнований.

В церемонии награждения приняли участие первый проректор А.С.Тасмағамбетов, проректор по ВРиСВ Т.М.Даришева, заведующая кафедрой физвоспитания Л.В.Демченко, председатель профкома университета Д.Г.Габдуллаев, мастер спорта СССР, заслуженный тренер РК Ж.С.Жардемев, ст. преподаватель

ЗКГУ – территория здоровья!

А.Х.Джумағалиев. И по сложившейся многолетней традиции чемпионом награды вручил сам ректор.

Места по результатам соревнований распределились следующим образом.

Шахматы:
1 место – ЕГФ, 2 место – Центр ИТ, 3 место – ФМФ.

Дартс:
1 место – ЕГФ, 2 место - Центр ИТ, 3 место – администрация.

Эстафета:
1 место – администрация, 2 место - ФКИ, 3 место – Центр ИТ.

Перетягивание каната:
1 место – администрация, 2 место - ФФ, 3 место – ФКИ.

Волейбол:
1 место – ФКИ, 2 место - ФМФ, 3 место – администрация.

Мини-футбол:
1 место – ПФ, 2 место - администрация, 3 место – ФКИ.

Настольный теннис:
1 место – ФКИ, 2 место - ЕГФ, 3 место – администрация.

В командном зачете 3 место завоевала

команда естественно-географического факультета. Почетное 2 место получила команда факультета культуры и искусств. Чемпионами 59-ой Спартакиады преподавателей и сотрудников ЗКГУ им. М.Утемисова «Денсаулық-2016», посвященной 25-летию Независимости Республики Казахстан, стала команда администрации!

Мы участвовали в соревнованиях, вкладываясь по полной! Благодарим главного тренера соревнований Базартаева, всех участников команды. В этом году капитаны команд все как один кандидаты наук, что доказывает единство науки и спорта. со портом дружит каждый из нас. За месяц до соревнований мы приняли тренироваться целенаправленно. Очень рад, что кубок чемпиона досталась нашей команде! – сказал капитан команды администрации, директор офиса коммерциализации, к.г.н. Эдуард Имашев.

–И считаю, что наш вуз – это территория здоровья, - добавила главный судья соревнований заведующая кафедрой физвоспитания Л.В.Демченко. – Особенно хотелось бы отметить Альфию Жаксығалиеву, которая лично участвовала в формировании команд, организации хода соревнований. Воспитательный отдел, преподаватели кафедры физвоспитания, спортсмены и ветераны сделали все, чтобы праздник спорта состоялся. Борьба была честной, чемпионы – достойны награды.

Жубанышқали-агай Жардемев – один из тех, кто стоял у истоков традиций спортивного праздника. Он участвует в Спартакиаде с 1977 года.

–Я рад, что молодежь продолжает традиции, становится спортивной. Рад за ветеранов, людей более старшего поколения, что в одном строю с молодыми показывают высокие спортивные результаты. Спорт объединяет людей, нации и страны. Спорт – это дружба, - сказал Жубанышқали Садырович.



Ректорский бал в ЗКГУ

Ежегодный ректорский бал ЗКГУ им. М.Утемисова прошел 25 декабря в кафе «Университет». Традиционно гостями бала стали студенты из социально уязвимых семей, сироты, инвалиды.

Организаторы бала – воспитательный отдел и активисты студенческого самоуправления – совместно с будущими артистами факультета культуры и искусств подготовили интересную развлекательную программу, главными героями которой стали новогодние персонажи Дед Мороз и Снегурочка, герои народных сказок. Музыка, песни, танцы, розыгрыши, шуточные конкурсы – все способствовало веселью и радостному праздничному настроению

гостей и участников бала, в числе которых были также проректора, деканы факультетов, кураторы групп. Богатый дастархан, символизирующий достаток в наступающем году, порадовал вкусными угощениями, нарядный зал способствовал особому праздничному настроению.

–В университет делается многое для того, чтобы студенты из данной категории общества чувствовали себя равными среди равных. На новогодних елках ректор университета Асхат Салимович Иманғалиев лично оказывает внимание каждому студенту. Это дает возможность чувствовать им свою полноценность и общественную значимость. В течение

всего года оказывается материальная помощь: для приобретения одежды, на питание и др. Они являются п л о ц е н н ы м и членами большого дружного студенческого к о л л е к т и в а университета, - сказала проректор по воспитательной работе и социальным вопросам Туймеш Малбагаровна Даришева.



ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ШҚІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті.
Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылмаларын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.

Таралымы 800.

РЕДАКТОР:

Марта Орынбасаровна ДЖУМАГАЛИЕВА

ТИШЛЕР:

Аксана ЖҰМАБАЕВА, Айша КЕМЕШОВА

Корректор: Ақзия Адилевна НИЯЗГАЛИЕВА

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

РАХАТ КАМЕНОВ

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді. «Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды. Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3. Тел.:50-41-48